

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Астана қаласы бойынша Салық департаментінің Есіл ауданы бойынша Салық басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 1101 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында Есіл ауданын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 5 тамыздағы N 637 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілген штат санының лимиті шегінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органы - "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Астана қаласы бойынша Салық департаментінің Есіл ауданы бойынша Салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемені қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*